

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы оқу орталығын құру туралы өзара түсіністік туралы меморандумды бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 830 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2014 жылғы 27 қаңтарда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы оқу орталығын құру туралы өзара түсіністік туралы меморандум б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 830 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы оқу орталығын құру туралы өзара түсіністік туралы меморандум

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Ү к і м е т і

достық қарым-қатынасты мойындай және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ұмтыла
о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы келісті:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – университет) жанынан Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқу орталығы (бұдан әрі – орталық) құрылады және өз қызметін жүзеге асырады. Орталықтың орналасқан жері – Астана қаласы.

2-бап

Осы Меморандумды іске асыру мақсатында Тараптар атқарушы органдарды т а ғ а й ы н д а й д ы :

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және университет;

Үндістан Республикасы Үкіметінің атынан – Үндістан Республикасының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі және Озық есептеулерді дамыту орталығы (бұдан әрі – О Е Д О) .

Орталықтың жұмыс істеу мәселелері жөніндегі ынтымақтастық шарттары Университет пен ОЕДО арасындағы келісім шеңберінде айқындалады.

3-бап

Қазақстан тарапы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында оқу үшін орталықтың қазақстандық он маманын Үндістан Республикасына алты ай мерзімге жіберуді; алты ай мерзімге ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында оқыту тәжірибесімен алмасу тәртібінде екі үнді маманын, оларға еңбекақы төлеуді, Қазақстан Республикасына келу, орталықтың орналасқан жері бойынша тұру және тамақтану шығыстарын өтеуді қоса алғанда, орталықта жұмыс істеу үшін қабылдауды; орталықтың жұмыс істеуі үшін университеттің қайтарымсыз негізде үй-жай беруін; орталықтың қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді және штатын ұ с т а у д ы ;

орталыққа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында оқыту тәжірибесімен алмасу тәртібімен келетін үнді мамандарын визалық қолдауды және уақытша тұрғылықты жері бойынша тіркеуді қамтамасыз етеді.

4-бап

Ү н д і т а р а п ы :

орталықты CDAC бағдарламалық қамтылыммен, қосымшалары бар PARAM суперкомпьютерімен;

орталықты ақпаратпен, оқу және әдістемелік материалдармен, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында оқыту бойынша практикалық тәжірибемен;

Қазақстан тарапының он маманын оқытуды және Үндістан Республикасындағы үнді тарапының атқарушы органының есебінен олардың оқыту орны бойынша тұру және тамақтану шығыстарын төлеуді қамтамасыз етеді.

5-бап

Үнді тарапының атқарушы органы берген қазақстандық мамандардың біліктілігін растайтын сертификаттарды Қазақстан тарапы таниды және Тараптардың білім саласындағы уәкілетті органдарының арнайы растауын талап етпейді.

6-бап

Орталықтың қызметіне тиімді мониторинг жүргізу мақсатында атқарушы органдар ақпараттық технологиялар саласындағы Қазақстан-үнді жұмыс тобын құрып, осы Меморандумның іске асырылуына мониторингті бірлесіп жүзеге асырады.

Жұмыс тобының шешімдері жұмыс тобының қазақстандық және үнді бөлімдерінің басшылары қол қоятын хаттамалар түрінде ресімделеді.

7-бап

Орталықта оқыту ағылшын тілінде жүзеге асырылады.

Орталықта оқыту үшін Қазақстан Республикасының азаматтары қатарынан кандидаттар іріктеуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес университет жүзеге асырады, сондай-ақ олардың оқу мерзімін айқындайды.

Орталықта оқыту университет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Орталықта оқу бітірген тұлғаларға Тараптар танитын және Тараптардың білім саласындағы уәкілетті органдарының арнайы растауын талап етпейтін, олардың біліктілігін растайтын қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі сертификат беріледі.

8-бап

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Меморандумға оның ажырамас бөліктері болып табылатын және осы Меморандумның 9-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі м ү м к і н .

9-бап

Осы Меморандум 5 (бес) жыл мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Меморандум күшіне енген күнінен бастап 5 (бес) жыл қолданыста болады және егер Тараптардың бірі дипломатиялық арналар арқылы осы Меморандумның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейінгі 6 (алты) айдан кешіктірмей екінші Тарапқа оның күшін тоқтату туралы ниетін жазбаша хабарламаса, келесі бесжылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

2014 жылғы 27 қаңтарда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, хинди және ағылшын тілдерінде екі төлнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда , Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.
Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін *Үндістан Республикасының Үкіметі үшін*